

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының Жоғарғы квалификация комиссиясын құру туралы ЕРЕЖЕСІ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы транспорт және коммуникациялар Министрінің бұйрығымен бекітіледі 1995 жыл 01 қыркүйек N 181 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 27 қазан N 120 тіркелді

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 183-І Бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- -

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің норма шығармашылық жұмысын реттеу мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының жоғарғы квалификациялық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1995 жылғы 1 қыркүйектегі N 181 бұйрығының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 120 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын...

3. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан 10 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

М и н и с т р

Жалпы Ережелер

1. Бұл бап Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген сандылықтардың негізінде құрылған және ИКАО стандарттары мен ұсыныстары ескерілген.

Бұл бап азаматтық авиациясының мамандарына, ортақ негізіндегі авиация пилоттарына куәлік және класс беру, сонымен қатар мамандарды, ортақ негіздегі авиация пилоттарын дайындау, қайтадан ережелерін анықтайды.

2. Азаматтық авиация мамандарының квалификациясы квалификациялық талаптарға сай анықталады және осыған сай класпен айғақталады.

Кластар мынадай мақсатпен беріледі:

- кәсіби дайындықтың деңгейін көтеру үшін;
- ұшу қауіпсіздігін және жүйелігін қамтамасыз ету үшін;
- мамандарды квалификациясына сәйкес ұтымды түрде жұмысқа алу және жұмысқа бөлу үшін.

3. Ұшқыштар құрамына және авиациялық құрамның басқада өкілдеріне бірінші, екінші және үшінші кластар беріледі:

пилоттарға;
штурмандарға;
бортинженерлерге;
бортмеханиктерге;
бортрадистерге;
бортпроводниктерге;
бақылаушы-ұшқыштарға;
бортоператорларға;

парашют қызметінің инструкторларына;
әуе қозғалысы қызметінің диспетчеріне;
техникалық қызмет көрсету инженерлеріне, әуе техникасына диагностика
қоюшы инженерлерге - самолеттерге техникалық эксплуатация жасайтын
авиатехниктерге;

Ең жоғарғы болып бірінші класс саналады.

4. Мамандарға белгіленген үлгідегі куәліктер беріледі. Куәліктер авиациялық техникаға қызмет көрсету, диагностика қою жұмыстарын өз бетімен атқару үшін рұқсаты бар инженерлер мен авиатехниктерге беріледі.

Куәліктерде көрсетілген квалификациялық белгілер оның иесіне белгіленген жұмыстарды орындауына хұқық береді. Ортақ негіздегі авиация пилоттарына әуесқой - пилот куәліктері беріледі.

5. Азаматтық авиация маманының немесе ортақ негізгі авиация пилотының куәлігі бас кезінде 18 жастан асқан адамға ғана берілуі мүмкін.

6. Азаматтық авиация мамандары ортақ негіздегі авиация пилоттары классификациядан өту кезіндегі денсаулығы барлық белгіленген талаптарға сай болуы керек, сонымен қатар берілген класына және квалификациясына сәйкес теориялық білімін, практикалық тәжірибесін көрсете білуі керек.

7. Квалификация деңгейін анықтау, класс беру, куәлік мерзімін ұзартуға Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар Министрлігі әуе транспорты Департаменті жанынан құрылған жоғарғы квалификация комиссиясы (ЖКК) және жергілікті квалификация комиссиялары іске асырылады.

8. Басқа өзгерістермен толықтырулар комиссия төрағасы мен оның бірінші орынбасарының ұсынуы арқылы, әуе транспорты Департаменті директорының нұсқаумен енгізіледі.

Жоғарғы квалификация комиссиясы

1. Жоғарғы квалификация комиссиясы (ЖКК) өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар Министрлігі әуе транспорты Департаментінің бабы және осы бап бойынша іске асырады.

2. Жоғарғы квалификация комиссиясы "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы базасында, әуе транспорты департаменті жанынан ұйымдастырылады.

3. ЖКК-ны Департамент директорының ұсынуы бойынша көлік және коммуникациялар Министрі бұйрықпен бекіткен Департамент директорының орынбасарынан тағайындалған төраға басқарады.

4. ЖКК төрағасы өз жұмысы бойынша тікелей әуе транспорты Департаментінің директорына бағынады.

5. ЖКК төрағасының бірінші орынбасары ЖКК төрағасының ұсынуымен, Қазақстан Республикасы көлік коммуникация Министрінің бұйрығымен бекітіледі.

6. ЖКК мүшелерінің құрамы ЖКК төрағасы мен оның бірінші орынбасары арқылы анықталады, әуе транспорты Департаментінің директоры бекітеді және Қазақстан Республикасындағы авиакомпаниялар, азаматтық авиация ұйымдарының кәсіпорын мамандарынан тұрады.

7. Жұмыстарды жүргізу мақсатымен ЖКК төрағасы комиссиясының секторын және оның көмекшісін тағайындайды.

ЖКК мамандарына қойылатын талаптар

1. ЖКК төрағасы:

- азаматтық авиация мамандығы бойынша жоғарғы білімі болуы керек;
- басшылық қызметке жұмыс істеу тәжірибесі 5 жылдан кем болмауы керек.

2. ЖКК мүшелері:

- арнайы авиациялық білімі болу керек (пилоттар, штурмандар және бортиженерлерге жоғарғы білім);
- мамандығы бойынша ең жоғарғы квалификациясы болу керек.
- басшылық қызметтерде істеу тәжірибесі болу керек.

ЖКК-ның қызметі және міндеттері

1. Квалификация берудің нормативтік базасын құру, азаматтық авиация мамандарына және әуесқой-пилоттарға куәлік беру, мамандарды класс жағынан көтеруге ұйымдастырылатын жұмыстардың белгіленген ережелер, нормалар бойынша өтуін тексеруге алу.

2. Азаматтық авиация мамандарына және ортақ негіздегі авиацияның пилоттарына куәлік беруде ИКАО стандарттары мен ұсыныстарын оқу және іске асыру.

3. Авиакомпаниялар, кәсіпорындар мен ұйымдардың, ведомстволардың жанынан құрылған жергілікті комиссиясының қызметін тексеру.

4. Азаматтық авиация мамандарының квалификациясын көтеру негізінде олардың теориялық білімдерін, ұшуды меңгеру техникасын, ұшақты меңгеруін, практикалық тәжірибелерін тексеру мақсатымен сынақтар ұйымдастыру және

ө т к і з у .

5. Азаматтық авиация мамандарының классификациядан өткеннен кейінгі теориялық, практикалық дайындықтарын тексеру, егер олардың деңгейі белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда класс бойынша төмендету немесе берілген куәліктерді жарамсыз деп санау.

6. Ортақ негіздегі авиация пилоттарын және азаматтық авиация мамандарын дайындау мен және қайта дайындаумен айналысатын Қазақстан Республикасындағы субъектілердің қызметін сертификациялау.

7. Куәлік мерзімін ұзарту және квалификация деңгейін анықтау:

- әуе транспорты Департаментінің орталық аппаратының ұшқыштық
к о м а н д ы л ы қ к ұ р а м ы н а ;

- авиакомпания президенттеріне, азаматтық авиацияның ұйымдары мен мекемелерінің басшыларына, инспекция басшыларына және жетекші пилоттарға;

- азаматтық авиацияның әуе кемесі бар ұйымдар мен ведомстволардың директорларына, ОРЛ жөніндегі орынбасарларына, жетекші және бас
м а м а н д а р ғ а .

8. Мамандарға І-ші класты атақ беру және куәлік тапсыру:

- п и л о т т а р ғ а ;

- ш т у р м а н д а р ғ а ;

- б о р т и н ж е н е р л е р г е ;

- әуе қозғалысы қызметінің диспетчерлеріне;

9. Ұшу кезіндегі көрсеткен жоғарғы кәсіби шеберлігі үшін кезексіз берілетін мамандық класын ұсыну жөніндегі материалдарды қарау.

10. Авиакомпаниялар ұйымдар мен ведомстволардың жергілікті комиссиясының мамандық класын беру, белгіленген куәліктерді беру туралы шешімдерін қарау және бекіту.

11. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бас инспекцияның мамандарымен, және авиакомпаниялар, ұйымдар мен ведомстволардың өкілдерімен бірлесе отырып, куәліктерді алынып жұмыстан босатылған адамдардың ұшу жұмысына қайта алыну жөніндегі материалдарын қарау.

12. Азаматтық авиация мамандарын топтастыру жөніндегі жергілікті комиссиялардың шешіміне қарсы түскен арыздарды қарау, және осы баптың
т а л а п т а р ы н т ү с і н д і р у .

13. Азаматтық авиация мамандарына берілген куәліктерді санау тізімін жүргізу, пилоттарға, штурмандарға, бортинженерлерге, әуе қозғалысы қызметінің диспетчерлеріне арналған мәліметтер (картотекалар) жүргізу. Іс жүргізу жұмысын жүргізу.

ЖКК-ның жұмысын ұйымдастыру

1. ЖКК өз жұмысын Департамент директоры бекіткен айлық және жылдық жоспарларға сай іске асырады.

2. Жұмыс тәжірибесін ортақтау мақсатымен жылына бір рет Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиакомпаниялары, ұйымдары, ведомстволары жанынан құрылған жергілікті комиссияларының төрағалары мен секторлары бас қосқан жиын өтеді.

3. ЖКК мүшелерінің жұмыс уақыттары есептеліп, белгіленген тәртіп бойынша еңбекақы төленеді.

4. Квартал сайын өткізілетін жиналыстарда төраға мамандарды класс бойынша көтерудің жоспарын бекітеді.

5. ЖКК шешімдері және мамандардың куәліктері Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиакомпаниялары, ұйымдары мен ведомстволары жанынан құрылған жергілікті квалификация комиссиясына жіберіледі.

6. ЖКК азаматтық авиация мамандарына арналған куәлік бланкілеріне сұраныс жасайды, сонымен қатар санақ қағаздары, журналдар мен тізімдерге де сұраныс жасалады.

ЖКК төрағасының міндеттері мен хұқығы (ЖКК төрағасының бірінші орынбасары)

1. ЖКК төрағасы (бірінші орынбасар) міндеті:

- ЖКК-ге қойылған міндеттер мен қызметтердің орындалуын қамтамасыз ету;

- Класс бойынша көтеруге (түсіруге) ұсынылынған кандидаттарға қойылған білім бағаларының объективтілігін тексеру, белгіленген талаптарға жауап бермейтін класс бойынша көтеруге, куәлік беруге жол бермеу.

- Классификация жасау және куәлік беру жөніндегі нормативтік құжаттарды ж а с а у д ы ұ й ы м д а с т ы р у .

- Іс жүргізу жұмысын тексеру, бланкілерді сақтауды және санауды ұ й ы м д а с т ы р у ;

2. ЖКК төрағасы (бірінші орынбасары) хұқықты:

- Азаматтық авиация мамандарының тиісті басшыларының келісімімен ЖКК жұмысына қажетті адамдарды тартуға;

ЖКК және жергілікті квалификация комиссиясының мүшесі болып табылмайтын мамандарға кейбір жағдайларда ұшу техникасын, ұшақты меңгеруді және практикалық тәжірибелерін тексеруді жүргізуіне рұқсат етуге.

- жергілікті квалификация комиссияларының төрағаларынан және секретарларынан анықтамалар, есеп беру және мамандарының классификациясы жөніндегі хабарларды талап етуге.

- Мамандарды классификациялау туралы жұмыс ережелері мен оның барысы туралы авиакомпаниялар, ұйымдармен ведомстволардың жанына құрылған

жергілікті квалификация комиссиясына және мамандарға түсініктемелер беруге.

- Мамандардың куәліктерінің екінші данасын (дубликатын) беруге.

3. ЖКК төрағасы бірінші орынбасары (ЖКИ) (жерг.) жұмысының ұйымдастырылуына, тексерумен қамтамасыз етілуіне жауапты.

ЖКК мүшелерінің сандық құрамы, қызметін міндеттемелері және хұқықтары ЖКК төрағасы (бірінші орынбасары) арқылы анықталады және әуе транспорты Департаментінің директоры бекітеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК